

Астана медицина университеті» АҚ

БАЛАНЫҢ
ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ЖҮЙКЕ-
ПСИХИКАЛЫҚ
ДАМУЫН БАҒАЛАУ

ОРЫНДАҒАН: ҚАДЫРБЕРГЕН А

ТОБЫ: 539 ТОП.

ТЕКСЕРГЕН: БАБАЖАНОВА М.М.

Астана 2015 жыл

ЖОСПАР

- 1. Жасқа сай баланың жүйке-психикалық дамуы;**
- 2. Баланың нервтік-психикалық дамуын бағалау;**
- 3. Қолданылған әдебиеттер.**



БАЛАНЫҢ ЖҮЙКЕ-ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫН БАҒАЛАУ

Баланың жүйке-психикалық дамуын бағалау алғашқы жылы – ай сайын, ал екінші жылы – кварталда бір рет, үшінші жылы – жылына екі рет жүргізіледі.



1 АЙ

Баланың дене қалпы аяқ-қолдарында флексорлық гипертонияның күшіне байланысты. Айдын соңында бала көзбен бір нәрсеге зейін қойып қарап, қозғалып жатқан денені көздерін басын бұрмай ақ бақылай алады. Дыбыстарды ажырата алмайды. «Хоботковый», «Іздеу», «Сору» рефлекстері анықталады.

Флексорлық тонустың азайып, жазу бұлшықеттерінің тонусының жоғарлауы. Жиі қолдарын жан-жаққа жібереді және горизонталды жазықтықтан жоғары көтереді. Ішінде жатқанда басын ортаңғы дене сызығында ұстап тұрады. Атын атағанда күледі. «Ұстап алу», «Өздігінен жүру» рефлекстері сақталады.



3 АЙ

Аяқ-қолдарын қимылдары көбейе түседі, әсіресе иық буындарында. Қолына ойыншық салғанда? Оны ұстап тұрады. Жмияды, кейде күледі, жағымды эмоциялық реакциялары айқын және ұзақ сақталады. «Бабкиннің алақан-ауыздық рефлексі» жойылады.



Басын жақысы ұстайды, дыбысқа басын бұрады. Ойыншыққа қарай тартылады, оларды ұстайды, заттарды сипалайды. Аударыла алады. Қозғалым жатқан заттарды зейін қойып бақылайды. Флексорлық гипертония жойылады. «Моро», «Галант», «Перес», «Бауэр» рефлекстері сақталады.

5 АЙ

Бала анасын жақсы таниды, таныс және бейтаныс адамдарға әртүрлі қарайды. Заттарды сеніммен алады, оларды ауызына апарады. Интонацияларды айырала алады. Ұйықтамаған сәттерде көп уақыт гүлдейді. Бала қолдарымен демдеп, жақсы отырады.

Бала ішінен арқасына аударыла алады, ұсталынбай отыра алады, еңбектеп жүруге талпынады, қолдарынан көтергенде аяқтарына көтеріледі, кеудесінен ұстағанда қадам жасауға талпынады. Заттарды бір қолмен ұстайды, погремушкамен ойнайды, қолынан құлаған заттарды көтереді. Әр түрлі эмоцияларды білдіреді. Алғашқы сөз буындарын айтады «ма», «ба». Қасықтан жақсы жейді, тамақты ернімен алады.



7 АЙ

Бала айнадағы бейнесіне тартылады. Тамақтану кезінде құлаған бөтелкені аузына қайта апарды. Еңбектейді, отырады, қолмен ұсталынып тізесіне тұрады. Қолтық астынан ұстағанда, жақсы аттайды. Заттарды бір қолынан екінші қолына салады, ойыншықтарды бір біріне соғады. Қозғалыстары эмоциональдық фонмен сипатталады: қолдан қолға тартылады.

8 АЙ

Озінің айнадағы бейнесімен қызығады, күледі. Қажетті затты көзбен іздейді, мимикасымен таңдалғанын және қызығушылығын білдіреді. Өздігінен жатады, отырады, тұрады. Бір қолымен ұсталынып тұрады, жүруге талпынады. Ересек адаммен үйренген қимылдарды жасайды: «ладушки», «сау бол». Қасықпен қою тамақты өзі жейді, пиаладан шай ішеді.

9 АЙ

Бала төсеніштін астына тығылған немесе құлатып алынған затты іздейді; ұсталынбай тұруға және сәл ұсталынып жүруге талпынады. Ұсақ қимылдарды жасай бастайды: ұсақ заттарды жинайды, қораптан кубиктарды алады, лақтырылған заттарды бақылайды. Ересектердің айтылған сөз буындарын қайталайды. Заттардың қасиеттеріне қарай олармен әр түрлі қолданады: шарды домалатады, бір затты екіншісінен алып шығады. Ересек адам ұстап тірған және өзі демеп тұрған пиаладан жақсы ішеді.

10 АЙ

Бала ұсталынбай көтеріліп, тұрады, ұсталынып жақсы жүреді, ұсталынбай жүруге тырысады; ересектердің қимылын қайталайды; есіктерді ашып-жауып ойнайды; ұсақ заттарды екі бармағымен алады; ойыншықтарды бермей ұстап алады. Түрлі заттарды белгілі бір сөз буындарымен атайды: ит – ав, сиыр – му; жеңіл сөздерді айта алады: «мама»; жасауды болдырмайтын қимылдарды түсінеді. Қолдарымен ұсталынып, сатыға шығады (3-4 саты).


11 АЙ

Заттардың атаулырын білдіретін сөздерді қолданылады: ав-ав, кис-кис. Ойыншықтармен сюжетті қимылдар жасайды: мысықтың көзін көрсет, кукланы жатқыз. Заттармен жаңа қимылдарды меігереді: кубикты кубикқа салу, пирамиданы құру мен бұзу. Өздігінен тұрады. Шұлықты шешуге тырысады, ұсталынбай отырып-тұрады, затты жерден отырмай бүгіліп көтереді, қолдан жетектегенде жақсы жүреді.

12 АЙ

Жаңа сөз буындарын қолданады, 10 сөз біледі. Заттардың атауларын түсінеді, айтқанды орындайды, кейбір ересектер мен балалардың аттарын біледі. Дене бөліктерін көрсетеді, көп көлемде айтқанды орындайды. Көмексіз жүре алады. Пиаланы өзі ұстап, содан ішеді.





**Көтеріп жас сәбиді,
«Күлші, бөпе, күл!» — дейміз.**

**Көңіл дария шалқиды,
Балалармен гүлдейміз.**

**Алға кетіп барамыз
Болашақты құшақтап.**

**Жыламайды баламыз
Көзден жасы бұршақтап.**

1 ЖЫЛ 3 АЙ

Сөздерді түсіну	Болады немесе болмайды дегенді түсінеді. Ойыншықтарын сұрағанда оларды іздейді.
Активті сөйлеуі	2 екі дауысты дыбысы бар сөздерді айтады.
Сенсорлық дамуы	Заттардың екі формасын айыра алады.
Ойын	Ойнағанда заттардың дыбыстарын қайталайды.
Қозғалуы	Ұзақ жүреді, дене қалпые жүргенде өзгертеді.
Орындай алатын ісі	Қою тамақты қасықпен өзі жейді.
Эмоциясы, қоғамдық	

1 ЖЫЛ 6 АЙ

Сөздерді түсіну	Бірнеше ұқсас заттардың ішінен, түсі мен өлшемімен ерекшелінетін, 2 затты тауып алады.
Активті сөйлеуі	Таңданған кезінде, қуаныш немесе қызығушылығы кезінде заттарды атайды.
Сенсорлық дамуы	Әр түрлі формадағы заттардың ішінен көрсеткен және айтылған затты тауып алады.
Ойын	Жиі көретін іс-қимылдарды орындай алады.
Қозғалуы	Абайлап, кедергілерден аттайды.
Орындай алатын ісі	Сұйық тамақты қасықпен жейді.

1 ЖЫЛ 9 АЙ

Сөздерді түсіну	Суреттерге қарап сұрақ қойғанда жауап береді.
Активті сөйлеуі	Екі сөзден құралған сөйлемдеоді қолданады.
Сенсорлық дамуы	Ойнағанда өлшемдерімен ерекшелінетін 3 затты ажырата алады.
Ойын	Қақпа (ворота), орындық, уй жасайды.
Қозғалуы	Еденнен 15-20 см биіктікте, ені 15-20 см жермен жүре алады.
Орындай алатын ісі	Ересек адамның кішкентай көмегімен кейбір киімдерін шеше алады.

2 ЖЫЛ

Сөздерді түсіну	Таныс оқиғалар жайлы қысқа әңгімелерді түсінеді.
Активті сөйлеуі	Сөйлегенде екі, үш сөзден тұратын сөйлемдерді қолданады.
Сенсорлық дамуы	Көрсеткен образға орай дәл сондай түсті затты табады.
Ойын	Ойнағанда кейбір логикалық байланысты істі орындайды.
Қозғалуы	Кедергілерден өтеді.
Орындай алатын ісі	Ересектердің сәл көмегімен кейбір киімдерін киеді.

2 ЖЫЛ 6 АЙ

Активті сөйлеуі	Сөйлемді 3 және одан көп сөзден құрайды.
Сенсорлық дамуы	Көрсеткен затқа сай түрлі заттардың 4 түсін ажыратады.
Ойын	Ойнығында әрекеттері байланысты және ретімен.
Қозғалуы	Еденде жатқан бірнеше кедергілерден аттап өтеді.
Орындай алатын ісі	Өзі киінеді, бірақ түйю және бау байлауды білмейді.

3 ЖЫЛ

Активті сөйлеуі	Құрмалас сөйлемдерді қолдана бастайды.
Сенсорлық дамуы	Негізгі 4 түсті атайды.
Ойын	Ойындарда рөлдерді орындайды.
Қозғалуы	Биіктігі 10-15 см кедергілерден өтеді.
Орындай алатын ісі	Өзі киінеді, ересектердің сәл көмегімен түймені салады.

БАЛАНЫҢ НЕРВТІК-ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫН БАҒАЛАУ

- 1. Осы жасқа сай баланың орындай алатын әрекеттерін анықтау.**
- 2. Осы жасқа сай нервтік-психикалық көрсеткіштерді анықтау.**
- 3. Осы баланың нервтік-психикалық даму көрсеткіштерін осы жасқа сай көрсеткіштермен салыстыру.**
- 4. Қалыпты жағдайдағы нервтік-психикалық көрсеткіштер мәліметтеріне сүйеніп, осы баланың нервтік-психикалық дамуында ақаулықтарын анықтау.**

НЕРВТІК-ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ДИНАМИКАСЫН БАҒАЛАУ

- 0-6 ай.** Есту және көру реакцияларының түзілуі мен дамуы, жағымды эмоциялардың, аяқ-қолдарының қозғалысы, жалпы қозғалыс әрекеттерінің дамуы жүреді.
- 6-12 ай.** Жалпы қозғалыстың, сөйлегенді түсінудің, заттармен әрекетін, балалардың бір бірімен қатынасы кезінде қажетті сабақтарды алуы жүреді.
- 1-2 жыл.** Активті сөйлеуді түсіну, сенсорлық дамуы, заттармен ойнаудың, заттардың түсі мен пішінін ажырату қабілеттерінің дамуы.
- 2-3 жыл.** Активті сөйлеу, сенсорлық даму, ойындарға қатысу, конструктивті әрекеті, қозғалыс активтілігі дамиды.
- 3-7 жыл.** Моторлық қозғалыс пен көру координациясының, сөйлеу, ұғу, қоғамдық-мәдени дамуы.

Психомоторлық даму темпі барлық балаларда бірдей емес. Кейбір әрекеттердің алғашқы жылы 1 айға, екінші жылы 3 айға, үшінші жылы 6 айға кешеуілдеуі диагноз қою мен неврологқа жіберіге себеп емес.



ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.** www.medicina/ocenka-nervnopsikhicheskogo-razvitija-u-detejj.html
- 2.** Н.П.Шабалов. Детские болезни. 2002 г. 1 том.